

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

Игнаева З.Б.

Жоғары тонналы контейнерлерге арналған төрт тағанды кранның механизмінің
гидравликалы жетегін жасау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

техн. ғылым. д-ры, профессор

С.А. Машеков

«___» _____ 2020 ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Жоғары тонналы контейнерлерге арналған төрт тағанды кранның
механизмінің гидравликалы жетегін жасау»

5B071300 -«Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы
бойынша

Орындаған

Игнаева З.Б.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. д-ры, профессор

К.К. Шалбаев

«___» _____ 2020 ж

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

5B071300 - «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
техн. ғылым. д-ры, профессор
С.А. Машеков

«___» _____ 2020 ж

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Игнаева Зарина Бекжанқызы

Тақырыбы Жоғары тонналы контейнерлерге арналған төрт тағанды
кранның механизмінің гидравликалы жетегін жасау

Университет басшысының «27» 01. 2020 ж №762-б бұйырығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «15» мамыр 2020 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Қолданыстағы крандардың
конструкциясы, ғылыми-техникалық оқулықтар және патентті ақпараттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Жалпы бөлімі
- б) Жобалық-конструкторлық бөлімі
- в) _____

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс) _____

1. Құрылымдар анализі–1 бет; 2.Электрлі схемасы–1 бет; 3.Құрылымның
жалпы көрінісі -1 бет; 4. Құрылымның құрама сызбалары– 3 бет

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 19 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі		
Жобалық-конструкторлық бөлімі		

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлімі	К.К.Шалбаев, техника ғылымдары докторы, профессор		
Жобалық-конструкторлық бөлімі	К.К.Шалбаев, техника ғылымдары докторы, профессор		
Норма бақылау	Р.А. Козбагаров, техника ғылымдары кандидаты, доцент		

Ғылыми жетекші _____ К.К.Шалбаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ З.Б. Игнаева

Күні «__» _____ 2020 ж.

АҢДАТПА

«Жоғары тонналы контейнерлерге арналған төрт тағанды кранның механизмінің гидравликалы жетегін жасау» тақырыбына дипломдық жұмысты автордың қорытынды аттестациясына және бакалавр академиялық дәрежесін алуға ұсынылады.

Жүк көтергіштігі 40 тонналық төрт тағанды контейнерлік қайтатиегішті модернизациялау энергияны тұтынуды азайтып, пайдалану шығындарын төмендететін энергияны қайта алуға негізделген кран механизмінің гидравликалық жетегін жасаудан тұрады.

Дипломдық жұмыста қайтатиегіш механизмдері және жетектің гидрожүйесінің керекті құрылымдық схемалары мен есептеулері жүргізіледі.

Түсіндірме жазбасы 47 беттен тұрады, графикалық бөлімінде А1 форматындағы 6 парақ бар.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа на тему: «Разработка гидравлического привода механизмов козлового крана для крупнотоннажных контейнеров», представляется для итоговой аттестации автора и присвоения академической степени бакалавра.

Модернизация козлового контейнерного перегружателя грузоподъемностью 40 тонн будет заключаться в разработке гидравлического привода (с объемным регулированием) механизмов крана с рекуперацией энергии, что снизит ее потребление и эксплуатационные расходы.

В дипломном проекте проводятся необходимые расчеты и конструктивная компоновка механизмов перегружателя и гидросистемы привода.

Пояснительная записка изложена на 47 страницах, графическая часть содержит 6 листов формата А1.

ABSTRACT

The thesis on the theme: "Development of a hydraulic drive of gantry crane mechanisms for large-capacity containers" is presented for the final certification of the author and the assignment of an academic bachelor's degree.

Modernization of a gantry container loader with a lifting capacity of 40 tons will consist in the development of a hydraulic drive (with volumetric regulation) of crane mechanisms with energy recovery, which will reduce its consumption and operating costs.

In the diploma project the necessary calculations and constructive arrangement of the mechanisms of the overloader and hydraulic drive system are carried out.

The explanatory memorandum is set out on 47 pages, the graphic part contains 6 sheets of A1 format.

МАЗМҰНЫ

	Беттері
Кіріспе	9
1 Жалпы бөлімі	11
1.1 Гидрожетектегі энергияны рекуперациялау тәсілдерін талдау	11
1.2 Төрт тағанды контейнерлік қайтатиегіштерді техникалық сипаттау	14
2 Жобалық-конструкторлық бөлімі	16
2.1 Көтеру механизмін есептеу	16
2.2 Қайтатиегіштің қозғалыс механизмін есептеу	21
2.3 Қайтатиегіш арбашасының қозғалыс механизмін есептеу	27
2.4 Қайтатиегіштің гидравликалық схемасының сипаттамасы	31
2.5 Қайтатиегіштің гидрожабдығын таңдау және есептеу	34
Қорытынды	45
Қолданылған әдебиеттер тізімі	47

КІРІСПЕ

Автомобиль контейнерлерімен, темір жол және өзен мен теңіздегі су көліктерімен жүктерді тасымалдаудың қарқынды дамуы өнімділігі жоғары болып келетін арнайыландырылған көтеру-тасымалдау көліктерінің жасалуына себепші болды, соның ішінде жүкті тиеу алаңындағы өзара орналасуы есебінен жүктерді бір көлік түрінен екіншісіне көшіру сияқты операцияларды орындауға қабілетті рельстік жүрістегі төрт тағанды қайтатиегіштерді айта аламыз.

Кейінгі кездерде кран механизмдерінде көбінесе гидрожетектер жиі қолданылып келеді. Олардың ең басты артықшылықтары жылдамдықтың сатысыз реттелуі, көлік қуаттын реттеудің қарапайымдылығы, механизмдерді бәсеңдеткіштер мен фрикциялық тежегіштердің көмегінсіз орындау мүмкіндігі және басқа түрдегі жетектермен салыстырғандағы көліктің дәл сондай массасы кезіндегі аса жоғары қуаттылығы болып табылады. Және де тағы бір айта кететін артықшылығы кез келген конфигурацияға құбыржолдармен байланысқан элементтерінің ұтымды орналасу мүмкіндігі және бір ғана сорғымен бірнеше гидромоторды немесе бір гидромоторды бірнеше сорғының көмегімен қуат көзін қамтамасыз ету мүмкіндігі болып табылады.

Сорғылар мен гидромоторлар айналушы бөлшектерінің қысымы, жылдамдығы және аз инерттілігі бойынша реттеудің үнемділігі мен қарапайымдылығымен және қашықтықтан және автоматты басқару мүмкіндігімен сипатталады.

Гидромотордың негізгі көрсеткіші айналу моменті айналу жиілігіне толықтай дерлік тәуелді емес және нөлдік жылдамдық кезінде гидромотор толық айналу моментіне ие болады.

Ең көп кеңінен қолданылатын схема сұйықтықтардың ашық немесе жабық циркуляциясымен реттелетін берілісті сорғысы бар гидрожетек схемасы болып келеді. Бұл схема механизм жұмысының жылдамдығының сатысыз өзгеруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ жетектің жұмыс органына тікелей байланысатын схемаларда жоғарғы моментті бәсеңдеткіштері бар жоғары айналымды гидромоторлар қолданылады.

Төрт тағанды қайтатиегіштердің жетектерінде көбінесе жұмыстық сұйық ағынының энергиясын шығыс білігінің айналмалы қозғалысының механикалық энергиясына айналдыруға арналған реттелмейтін радиалды-піспекті жоғары моментті гидромоторлар қолданылады.

Төрт тағанды қайтатиегішті гидравликаландыру жылдамдықтың кең диапазоны мен қуатты реттеуге және кран сорғылары жетектерінің электрқозғалтқыштарын қосу кезіндегі қолданылатын электр желісінің энергиясының «шығарындыларын» төмендетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар кран бөліктерінің қозғалысының жатықтығын қамтамасыз етіп, пайдалану шығындарын төмендетеді.

Жүк көтергіштігі 40 тонналық төрт тағанды контейнерлік қайтатиегішті модернизациялау энергияны тұтынуды азайтып, пайдалану шығындарын

төмендететін энергияны қайта алуға негізделген кран механизмінің гидравликалық жетегін жасаудан тұрады.

Дипломдық жұмыста қайтатиегіш механизмдері және жетектің гидрожүйесінің керекті құрылымдық схемалары мен есептеулері жүргізіледі.

Жетек гидрожүйесін құрастыру және есептеу үшін қайтатиегіш жетегінің негізгі энергетикалық сипаттамалары мен қайтатиегіштің механизмдеріне есептеулер жүргізу қажет.

Гидравликаландырылған төрт тағанды контейнерлік қайтатиегіш бойынша ұсынымдар, жаңа жобалар қалыптасады, сонымен қатар қайтатиегіш жұмысының схемасы суреттеледі және оның гидравликалық элементтері мен қайтатиегіштің пайдаланылуы бойынша керекті экономикалық есептеулер жүргізіледі.

1 Жалпы бөлімі

1.1 Гидрожетектегі энергияны рекуперациялау тәсілдерін талдау

Энергияны үнемдеу қазіргі таңдағы жылу энергиясын тұтынушылардың көпшілігі үшін маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Энергия тасымалдаушылар бағасының тұрақты өсуі бұл мәселені аса өткірірек және өзекті етуде. Қазіргі кезде рекуперация көптеген еуропа елдерінде кеңінен тарады.

Рекуперацияның жақсы жағы ретінде энергияны үнемдеу болып табылады және соның салдарынан желдету жүйесін пайдалануға кететін қаржыны үнемдеуге болады. Кейде тұтынылатын энергияның мүмкін болатын мөлшерінде шектеу бар болғанда қуатты жылыту жүйесін орнату мүмкін емес, бұл мәселеде рекуператорды қолдану жақсы шешім болып табылады.

Кемшілігі ретінде рекуператорды орнатуға кететін қосымша бастапқы салымды айта аламыз.

Энергияны рекуперациялаудың бірнеше ойлап табылған өнертабысын қарастырамыз:

1. Гидрожетек. (А.к. №2011077. 15.04.1994. Мотрохов И.А.; Дроздов Ю.Т.; Стеблецов В.И.; Селищев А.К.; Мотрохов А.И. Харьков теміржол көлігінің инженерлерінің институты)


Өнертабыс жалпы машинажасау саласына кіреді, соның ішінде көлемдік гидрожетекке жатады және де машинаның циклдік әрекеті кезіндегі қозғалыс механизмінің жетегі ретінде қолданылуы мүмкін.

Машинаның қозғалыс гидрожетегі гидромотордан, кинематикалық байланысқан жетекші остерден және жоғары қысымды пневматикалық-гидравликалық аккумуляторға орнатылатын үш разрядты таратушы желісі бар екі электрмен қоректену желісінен тұрады.

Осы берілген жетектің кемшіліктеріне әртүрлі гидравликалық параметрлері бар бірнеше орындаушы механизмдерінің жетегі үшін бір ғана аккумулятордың болуы; тежеу кезінде машинаның кинетикалық энергиясын рекуперациялаудың жоқтығы машинаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін төмендетеді; жетек гидравликалық моторды жетекші осьтерге байланыстыратын кинематикалық берілістердегі саңылауларды таңдауды қамтамасыз етпейді, бұл іске қосу-тежеу операциялары кезінде беру элементтерінде динамикалық жүктемелерге әкеледі.

Ұсынылған гидрожетекке техникалық сипаттамасы бойынша ең жақын болып реверсивтік гидромоторы бар гидрожетек саналады. Олар келесі элементтерден тұрады: жұмыс және тежегіш қуысы жоғары және төмен қысымды көздері бар үш позициялы бес жолды тоқ үлестіруші арқылы жеткізіледі; гидравликалық бақыланатын екі позициялы бес жолды тоқ үлестіруші жұмыс сызығы мен гидравликалық сызықпен байланысады; және де олардан басқа кері гидроклапандардан; редукциялық клапанды аз көлемді гидроаккумулятордан; тежегіш желісін бакпен екі позициялы айырғы арқылы

байланыстыратын реттелетін дроссельден; сақтандырғыш клапандары бар гидрожетекті қорландыратын сорғылардан (1.1сурет).



1.1 – сурет – Энергияны рекуперациялаудың гидрокинематикалық схемасы

Осы белгілі гидрожетек кинетикалық энергияны рекуперациялау кезінде механизм сенімділігінің артуын қамтамасыз етеді, алайда бұл гидрожетек қолданылатын гидроаппараттардың көптігіне байланысты күрделі болып табылады.

Өнертабыстың мақсаты – қосылу және тежелу кезіндегі динамикалық жүктемелерді төмендету жолымен жетектің сенімділігін арттыру.

2. Энергияны рекуперациялаудың гидромеханикалық жүйесі (А.к. №3415155/25-06. 30.03.1983. Е.И. Прочко. И.А. Лихачев атындағы Москва автомобиль заводы)

Бұл туынды машинажасау саласының гидравликасына жатады және де оны жабық гидрожүйклі автомобильдерде және құрылыс – жол көліктерінде қолдануға болады.


Бұл жүйеде энергияны рекуперациялау әдісі келесі циклдерден тұрады: гидравликалық жүйенің жұмыс сұйықтығының жылуына түсетін жүк жағдайының энергиясын гидравликалық кедергіде болатын дроссельді гидравликалық жүйе арқылы беріледі және алынған жылуды жылу аккумуляторында жинақтайды, содан кейін жылу қозғалтқышының жылу алмастырғышымен алынып, жылу қозғалтқышының жұмыс циклінде механикалық энергияға айналады. Бұл жүйеде макулатура сорғысынан гидравликалық жүйенің ішкі ағуларынан асып кететін мөлшерде жұмыс сұйықтығының сорғыш сызығына дейін қолданылады. Сонымен қатар, негізгі

желілердің тиімді салқындауы орын алады, жүйедегі жұмыс сұйықтығы тез жаңартылады, ауа және тозу өнімдері алынып тасталады. Гидравликалық жүйенің сорғыш түтігіне жеткізілетін жұмыс сұйықтығының артықшылығы резервуарға сорғыш желісіне белгілі бір қысымның сақталуын қамтамасыз ететін бақылау клапаны арқылы салынады.

Бұл жүйеде ағынның дифференциациясы бар және ұстап тұрған клапанның жұмысы кезінде босатылған энергия жылуға айналады, бұл ПӘК-ті азайтады.

Туындының басты мақсаты ПӘК-ті жоғарлату болып табылады. Бұл нысан кинематикалық онымен, гидравликалық клапан екі қуыстарының теңшелген, онда сорғының, кері клапан арқылы бакпен сорғы және гидравликалық клапан арқылы байланысады. Осы ойлап табылған рекуперациялау әдісін орындауға арналған гидропневматикалық жүйесі бар гидрожетек өнертабысын машинажасау саласының гидрожетегіне жатқыза аламыз және де ол көптеген әртүрлі гидропневможүйелі жүк көтеру машиналарында, ауылшаруашылық көліктерінде, құрылыс-жол және басқа автомобильдерде, сонымен қатар білдек жасауда, мұнай мен тау-кен өндірістерінде қолданылуы мүмкін. Белгілі энергияны рекуперациялау әдісі келесі үрдіспен сипатталады: гидравликалық жүйенің жұмыс сұйықтығының жылуы жылу қозғалтқышына ауысады, онда ол жылу қозғалтқышының циклді жұмысының арқасында механикалық энергияға айналады және механикалық энергияның сумматорының көмегімен орындаушы жетекке беріледі.

1.2 – суретте энергияны рекуперациялаудың гидромеханикалық жүйесінің қағидалық схемасы көрсетілген.



1.2 - сурет – Энергияны рекуперациялаудың гидромеханикалық жүйесінің қағидалық схемасы

Гидромеханикалық жүйе жетек қозғалтқышынан 1, онымен кинематикалық байланысқан сорғыдан 2, қоректендіру сорғысынан 3, кері клапандардан 4 және 5, негізгі гидрожелілерден 6 және 7, гидроқозғалтқыштан 8, гидробасқарушы клапаннан 9, жетек қозғалтқышына 1 білік 11 арқылы байланысқан қосымша гидроқозғалтқыштан 10 тұрады.

Осы өнертабыстың қолданылуы жүйенің экономикасын және әсіресе ірі мөлшерде берілетін қуат кезінде оның жалпы пайдалы әсер коэффициентін арттырады.

Крандардың жұмыс қабілеттілігі, сенімділігі және жұмыссыздығы металл конструкцияларында негізінен күйіне байланысты. Крандарды пайдаланудың ұзақ мерзімділігі негізінен металл құрылымының күйі бойынша анықталады. Динамикалық жүктемелер кранның металл құрылымына теріс әсер етеді, осылайша оның қызмет мерзімін қысқартады. Гидрокинематикалық энергияны қалпына келтіру жүйесіне ауысқан кезде крандағы динамикалық жүктемелер азаяды, оның сенімділігі мен беріктігін арттыру қажет болып табылады. Кран элементтері бойынша гидрожабдық жүйесінің элементтерін жинақтау жүргізіледі және тағы да гидроаппарат жинағына кіретін сорғы станциясы құрылады. Содан соң жетек пен сорғы станциясының графика-аналитикалық сипаттамаларын құрып, қайтатиегіш механизмдерінің жетегінің жолағындағы қысым шығынын анықтау қажет және сонымен қатар сорғы мен сақтандырғыш клапанның сипаттамаларын құру қажет. Осы анықталған сипаттамалар бойынша механизмдердің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін жетек сызықтарындағы қысымның қажетті деңгейі орнатылады, сондай-ақ кранның жетек элементтерінің керекті қозғалыс жылдамдығын қалыптастыру үшін сорғы шығындарын реттеу параметрлері орнатылады.

1.2 Төрт тағанды контейнерлік қайтатиегіштерді техникалық сипаттау

Автомобиль контейнерлерімен, темір жол және өзен мен теңіздегі су көліктерімен жүктерді тасымалдаудың қарқынды дамуы өнімділігі жоғары болып келетін арнайыландырылған көтеру-тасымалдау көліктерінің жасалуына себепші болды, соның ішінде жүкті тиеу алаңындағы өзара орналасуы есебінен жүктерді бір көлік түрінен екіншісіне көшіру сияқты операцияларды орындауға қабілетті рельстік жүрістегі төрт тағанды қайтатиегіштерді жатқызамыз.

Бұл дипломдық жобада контейнерлерді тік тасымалдау және оларды бойлық және көлденең бағытта тасымалдауға арналған жүккөтергіштігі 40 т төрт тағанды контейнерлік қайтатиегіш қарастырылған.

Контейнерлік қайтатиегіштер ірі көлемдегі қайта тиеу пункттеріне қызмет көрсету үшін пайдаланылады - теңіз порттары, контейнерлік терминалдар, темір жол станциялары. Контейнерлік қайтатиегіштің жүк тиеу қондырғысы контейнерлердің ілмек-тораптары мен фитингтерінің астынан автоматты ілуге арналған арнайыландырылған қармағыштан тұрады.

Төрт тағанды қайтатиегіш келесі бөлімдерден тұрады:

- металқұрылымнан;
- басты механизмдерден;
- көмекші жабдықтан;
- электржабдықтан;
- гидрожабдықтан.

Металлқұрылым жүк арбалары мен тіректер (тағандар) қозғалатын көпірден (аралық құрылым) тұрады . Кран көпіріне кран механизмдерін басқару кабинасы бекітілді.

Қайтатиегіштің басты механизмдері:

- көтеру механизмі;
- арбашаларды көпір бойымен жүргізетін қозғалыс механизмі;
- кранасты жол бойымен қайтатиегішті жылжытатын қозғалыс механизмі.

Қайтатиегіштің қозғалыс механизмі жеке бөлек жетекпен жүргізіледі. Жетектің доңғалағындағы білікке ашық беріліс арқылы жоғары моментті гидромотор қойылады, ол бәсеңдеткіш пен тежегіштің қосымша орнатылуынсыз қолданылады.

Жүк арбашасы жүкті көтеру және жылжыту механизмдері орнатылған дәнекерленген жақтаудан тұрады. Көтеру механизмі жоғары моментті гидроқозғалтқыштан, барабаннан және полиспасттан тұрады (Жүкті көтеру және түсіру кезінде оның тік қозғалысы, барабан тіректеріне біркелкі жүктеме жасау және көпірдің ұзындығын жүктеу үшін қолайлы жағдай жасауын қамтамасыз ету үшін қоланылады). Гидроқозғалтқыш барабанмен тісті муфта арқылы қосылған. Арбашаның қозғалу механизмі жоғары моментті гидромотормен орындалады, ол ашық тісті беріліс арқылы жетек дөңгелегімен байланысқан. Кран кабинасы кран механизмдерінің басқару құрылғыларын орналастыру үшін жасалған және кран операторының жұмыс орны болып табылады.

Кранның гидравликалық қондырғысы гидромотордан, гидравликалық сорғылардан, реттелетін және қауіпсіз гидроаппараттан және гидравликалық сұйықтықтар мен құбырлар құрайтын бактен тұрады.

2 Жобалық-конструкторлық бөлімі

2.1 Көтеру механизмін есептеу

Бастапқы деректер:

Төрт тағанды контейнерлік қайтатиегіш.

Жүккөтерімділігі (Q) = 40 тонн

Жүкті көтеру жылдамдығы (v_n) = 0,6 м/с

Жүкті көтеру биіктігі (H) = 10,5 м

Жұмыс режимінің тобы (режим) — 7М ауыр.

Екі қосарланған полиспаст кезіндегі канаттағы есептік күш (S), кН:

$$S = 1,15 \cdot \frac{Q}{2 \cdot i \cdot \eta_n \cdot \eta_{н.б.}}$$

мұнда: 1,15 – ілінген контейнердің массасының центрінің мүмкін болатын орын ауыстыруының әсерінен шығыршық жүктемесінің әркелкілігін есепке алатын коэффициент;

Q - қайтатиегіштің жүккөтерімділігі, кН;

i – полиспаст еселілігі, $i = 6$;

η_n – полиспасттың ПӘК-і, $\eta_n = 0,95$;

$\eta_{н.б.}$ – бағыттаушы блоктардың ПӘК-і; $\eta_{н.б.} = 0,98$

Канаттағы есептік күш:

$$S = 1,15 \frac{400000}{2 \cdot 6 \cdot 0,95 \cdot 0,98} = 35,8 \text{ кН.}$$

Болат канаттың диаметрі үзілу күші ($S_{раз}$) бойынша анықталады, кН:

$$S_{раз} = S \cdot K_{з.п.}$$

мұнда: $K_{з.п.}$ – беріктік қоры коэффициенті, (канатты қолдану коэффициенті) ол жұмыс режимі мен канаттың арналуына байланысты әртүрлі болып келеді.

$K_{з.п.} = 3,15 \dots 9,00$ (режим М1...М8)

$K_{з.п.} = 7,1$


Үзілу күші:

$$S_{раз} = S \cdot 7,1 = 35,8 \cdot 7,1 = 248,2 \text{ кН}$$

Егер $S_{раз} = 248,2 \text{ кН}$ тең болса, онда ЛК-Р 6×19+1_{о.с.} канатын таңдаймыз

(МЕСТ 2688-80 бойынша), оның диаметрі $d_k = 22,5$ мм, ал $S_{\kappa_{раз}} = 251 > S_{раз}$ тең.

Жүктерге арналған канатты I маркалы ашық түсті сымнан оңжақты крестті есілген еспеден жасалынады (Канат 25 О-Г-I-H-1568 (160) МЕСТ 2688-80) және ол белгілі бір уақыт аралығында сымның үзілу кедергісі $\sigma_B = 1568$ МПа болғанда тарқатылмайды.



$$r = 12,5 \text{ мм}, h = 7 \text{ мм}, P = 26 \text{ мм}$$

2.1 - сурет – Канат сымдарына арналған профильді ойықтар

Барабан мен блок диаметрлерін анықтау.

Барабан мен блоктың диаметрлері жүккөтергіш машинаның түрі мен оның жұмысының режиміне, канат диаметріне байланысты анықталады.

Канат ойығының түбі бойынша барабан диаметрі (D_{σ}), мм:

$$D_{\sigma} > d_k (h_1 - 1).$$

мұнда: h_1 – жүккөтергіш машинаның түрі мен оның жұмысының режиміне байланысты коэффициент, $h_1 = 11, 2 \dots 25$. $h_1 = 22,4$

$$D_{\sigma} = 22,5 \cdot (22,4 - 1) = 481,5 \text{ мм}.$$

Блок диаметрі:

$$D_{\sigma l} \geq d_k (h_2 - 1).$$

$$h_2 = 12,5 \dots 28.$$

$$h_2 = 25.$$

$$D_{\sigma l} = 22,5 \cdot (25 - 1) = 540 \text{ мм}.$$

Барабан мен блоктың диаметрлерін ондыққа дейін жуықтап қабылдайды. Қабылдаймыз:

Барабан диаметрі:

$$D_{\sigma} = 490 \text{ мм}.$$

Блок диаметрі:

$$D_{\sigma l} = 540 \text{ мм}.$$

Барабан ұзындығын анықтау.

Барабандар бұрандалы канавкамен және бір қабатты арқан орамасымен пайдаланылады. Айналымдардың жұмыс саны жүктің биіктігінен, қапшықтың саны, барабанның және канаттың диаметріне байланысты.

Ойық қадамы канат диаметріне байланысты таңдалынады.
Қосарланған ойық кезіндегі барабан ұзындығы (L), мм:

$$L = 2L_H + 2a + e.$$

мұнда: e – ойықтар арасындағы қашықтық;

$$e = 50 \dots 100 \text{ мм};$$

$$a = (1.5 \dots 2.0) \cdot P = 2 \cdot 26 = 52 \text{ мм} \text{ — ойылмаған бөлімнің ұзындығы.}$$

Ойық бөлігінің ұзындығы (L_H), мм:

$$L_H = (Z_P + Z_3 + Z_K) \cdot P.$$

Орамдардың жұмыстық саны:

$$Z_P = \frac{H \cdot i}{\pi(D_\phi + d_k)}.$$

мұнда: H – көтеру биіктігі, м;

D_ϕ және d_k – барабан мен канаттың диаметрлері, м;

i – полиспаст еселілігі.

Орамдардың жұмыстық саны:

$$Z_P = \frac{10,5 \cdot 6}{3,14(0,49 + 0,0225)} = 34.$$

Ойық бөлігінің ұзындығы:

$$L_H = (34 + 2 + 1) \cdot 26 = 925 \text{ мм}$$

$$L_H = 925 \text{ мм.}$$

Барабан ұзындығы:

$$L = 2 \cdot 925 + 2 \cdot 52 + 70 = 2000 \text{ мм.}$$

Барабан қабырғаларын беріктікке есептеу .

Сығу кернеуі ($\sigma_{сж}$), МПа:

$$\sigma_{сж} = \frac{S}{\delta \cdot P} \leq [\sigma_{сж}],$$

мұнда: S – канаттағы есептік күш, Н;

δ, P – қабырғалардың қалыңдығы және ойық қадамы, мм

$$\delta = 0,01D_\phi + 0,3 \text{ см,}$$

$$\delta = 0,01 \cdot 49 + 0,3 = 0,79 \text{ см} = 8 \text{ мм.}$$

Рұқсат берілген кернеуді келесі формуладан қабылдаймыз:

$$[\sigma_{сж}] = \frac{\sigma_T}{2},$$

σ_T – аққыштық шегі, МЕСТ 977-75 бойынша 35ЛІ болатты қабылдаймыз.
 $\sigma_T = 350 \text{ МПа}$.

$$[\sigma_{сж}] = \frac{350}{2} = 175 \text{ МПа},$$

$$\sigma_{сж} = \frac{35800}{0,008 \cdot 0,026} = 172 \text{ МПа} \leq [\sigma_{сж}] = 175 \text{ МПа}.$$

Иілуден туындайтын кернеу:

$$\sigma_u = \frac{M_{из}^{\max}}{W_x},$$

мұнда: $M_{из}^{\max}$ – ең үлкен иілу моменті, Нм

$$M_{из}^{\max} = \frac{S_{\kappa}(a + L_n)}{1000};$$

$$M_{из}^{\max} = \frac{35,8 \cdot (44,2 + 925,6)}{1000} = 34,7 \text{ Нм};$$

$$W_x = \frac{\pi(D_{\delta}^4 - D_{\text{вн}}^4)}{32D_{\delta}} = \frac{3,14(490^4 - 474^4)}{32 \cdot 490} = 1,436 \cdot 10^6 \text{ мм}^3;$$

W_x – барабанның көлденең қимасының кедергі моменті, мм³;

$D_{\text{вн}}$ – барабанның ішкі диаметрі,

$$D_{\text{вн}} = D_{\delta} - 2\delta = 490 - 16 = 474 \text{ мм}.$$

Иілуден туындайтын кернеу, МПа:

$$\sigma_u = \frac{34,7}{1,436 \cdot 10^6} \cdot 10^6 = 24,2 \text{ МПа}.$$

Айналудан туындайтын кернеу, МПа:

$$\tau_{кр} = \frac{M_{кр}}{W_n},$$

Барабан кедергісінің полярлық моменті, м³:

$$W_x = \frac{\pi(D_{\bar{o}}^4 - D_{\text{вн}}^4)}{16D_{\bar{o}}} = \frac{3,14(490^4 - 474^4)}{16 \cdot 540} = 2,872 \cdot 10^6 \text{ мм}^3.$$

Айналу моменті, Нм:

$$M_{\text{кр}} = \frac{S_{\kappa} \cdot D_{\bar{o}}}{1000};$$

$$M_{\text{кр}} = \frac{35,8 \cdot 490}{1000} = 17,5 \text{ Нм}.$$

Айналудан туындайтын кернеуді келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$\tau_{\text{кр}} = \frac{17,5}{2,872 \cdot 10^6} \cdot 10^6 = 6,1 \text{ МПа}.$$

Болат барабандар үшін қорытқы кернеу:

$$\sigma_{\text{сум}} = \sqrt{(\sigma_{\text{сж}} + \sigma_u)^2 + 3 \cdot \tau_{\text{кр}}^2},$$

мұнда: σ_u – иілуден туындайтын кернеу, МПа;

$\tau_{\text{кр}}$ – айналу моментінен туындайтын кернеу, МПа

$$\sigma_{\text{сум}} = \sqrt{(172 + 24,2)^2 + 3 \cdot 6,1^2} = 196,5 \text{ МПа}.$$

Барабанның айналу жиілігін анықтау.

$$n_{\text{бар}} = \frac{v_n \cdot i}{\pi(D_{\bar{o}} + d_{\kappa})},$$

$$n_{\text{бар}} = \frac{0,6 \cdot 6}{3,14(0,49 + 0,0225)} = 2,24 \text{ айн/сек}$$

Барабанның бұрыштық жылдамдығын анықтау

$$\omega_{\bar{o}} = 2\pi \cdot n_{\bar{o}},$$

$$\omega_{\bar{o}} = 2 \cdot 3,14 \cdot 2,24 = 14,07 \text{ с}^{-1}$$

Барабандағы айналу моментін анықтау.

$$M_{\text{кр}} = F_{\text{кр}} \cdot \frac{1}{2}(D_{\bar{o}} + d_{\kappa}),$$

$$F_{\text{кр}} = \frac{1}{i} \cdot Q \cdot \frac{1}{\eta_{\text{нл}}} = \frac{1}{6} \cdot 400000 \cdot \frac{1}{0,95} = 701754 \text{ Н},$$

$$M_{кр} = 70175,4 \cdot \frac{1}{2} \cdot (0,49 + 0,0225) = 17982 \text{ Нм.}$$

D_{δ} -ны тексеру:

$$D_{\delta} = \frac{i \cdot v_n}{\pi \cdot n_{бар}} - d_{\kappa} = \frac{6 \cdot 0,6}{3,14 \cdot 2,24} - 0,0225 = 0,49 \text{ м.}$$

Жетек қуатын анықтау.

Көтеру механизмінің жетегінің статикалық қуаты:

$$N_{CT} = \frac{Q \cdot v_n}{2 \cdot \eta_{общ}},$$

мұнда: Q - қайтатиегіштің номиналды жүккөтерімділігі, кН

v_n - көтеру жылдамдығы, м/с

$\eta_{общ} = \eta_n \cdot \eta_{н.б.} \cdot \eta_{б.л} = 0,95 \cdot 0,98 \cdot 0,985 = 0,88$ - жетектің жалпы ПӘК-і.

$$N_{CT} = \frac{400 \cdot 0,6}{2 \cdot 0,88} = 136 \text{ кВт.}$$

2.1 - кесте - Көтеру механизмінің жетегінің сипаттамалары

Параметр	Шамасы
Жетектің статикалық қуаты, кВт	136
Канаттың есептік күші, кН	35,8
Канат диаметрі, мм	22,5
Шығыршық барабанының диаметрі, мм	490
Барабан ұзындығы, мм	2000
Барабанның айналу жиілігі, айн/сек	2,24
Барабанның бұрыштық жылдамдығы, с ⁻¹	14,07
Барабандағы айналу моменті, Нм	17982

2.2 Қайтатиегіштің қозғалыс механизмін есептеу

Бастапқы деректер:

Жүккөтерімділігі (Q) = 40 тонн

Қайтатиегіш қозғалысының жылдамдығы $v_{пер} = 1 \text{ м/с}$

Дөңгелектер шетмойындағы сырғанау және рельс бойындағы дөңгелектердің домалау үйкелістерінің кедергілері, Н

$$W_T = 9,81 \cdot (m_{кр} + Q) \cdot f_o$$

мұнда: W_T – дөңгелектер шетмойындағы сырғанау және рельс бойындағы дөңгелектердің домалау үйкелістерінің кедергілері, Н.

$m_{кр}$ – кран массасы, оны аналогтан – кранның анықтамалық деректерінен қабылдаймыз, онда өзгертілген параметрлерге түзетулер енгізіледі. Сол анықтамалық деректер бойынша $m_{кр} = 152000$ кг деп қабылдаймыз.

Q – кранның номиналды жүккөтерімділігіне сәйкес келетін жүк пен жүкқармағыш құрылғының массасы, кг.

9.81 – еркін түсу үдеуі, м/с²;

f_o – қозғалыс кедергісінің коэффициенті:

$$f_o = \left(\mu \frac{d}{D_K} + \frac{2K}{D_K} \right) \cdot C$$

мұнда: μ – дөңгелек шетмойындағы домалау коэффициенті, $\mu = 0,01$;

D_K және d – дөңгелек пен оның шетмойының диаметрлері, мм

Крандағы жүктемелерге байланысты - $D_K = 500 - 1000$ мм и $\frac{d}{D_K} = \frac{1}{6} \div \frac{1}{8}$;

Қабылдаймыз: $D_K = 710$ мм $\rightarrow k = 0,5$ мм

Диаметрі $D_K = 710$ мм және сырғанау ені $B = 150$ мм болатын екі кемерікті крандық дөңгелек:

K2P — 710×150 МЕСТ 3569 — 74;

$$\frac{d}{710} = \frac{1}{6} \div \frac{1}{8};$$

$$\frac{d}{710} = \frac{1}{7},$$

Шетмойын диаметрі $d = 101$ мм.

C – қиғаштану кезіндегі дөңгелек кемерігі мен күпшегіндегі қосымша кедергілерді есепке алатын коэффициент;

Егер домалау мойынтіректеріндегі дөңгелек – $C = 2,3 - 2,5$ болса, онда:

$$f_o = \left(0,01 \cdot \frac{101}{710} + \frac{2 \cdot 0,5}{710} \right) \cdot 2,3 = 0,0065,$$

$$W_T = 9,81 \cdot (152000 + 40000) \cdot 0,0065 = 1224288 \text{ Н.}$$

Кранға әсер етуші жел күші, Н

$$P_e = q k c n A,$$

мұнда: q – желдің динамикалық қысымы; $q = 150$ Па [6] 35 бет.

k – биіктік бойынша желдің динамикалық қысымының өзгеруін есепке алушы коэффициент; $k = 1$ [4] 55 бет.

c – аэродинамикалық күштің коэффициенті; $c = 1,2$ [4] 55 бет.

n – жүкті тиеу коэффициенті; $n = 1$ [4] 55 бет.

A – құрылым элементінің есептік алаңы; $A = 80 \text{ м}^2$ [4] 54 бет.

$$P_{\epsilon} = 150 \cdot 1 \cdot 1,2 \cdot 1 \cdot 80 = 12600 \text{ Н}$$

Еңіс жолдан туындаған кедергі, Н

Қосу – көтерілуге қозғалыс, алу – еңіс бойымен қозғалысты білдіреді:

$$W_{\text{жк}} = \pm V \cdot \sin \alpha ,$$

мұнда: V – көтергіш күшпен қоса алғандағы ауырлық күші, Н

$$V = 9,81 \cdot (m_{\text{кр}} + Q),$$

α – жолдың еңістігі, град, $\sin \alpha \approx 0,002 \div 0,003$.

Көтергіш күшпен қоса алғандағы ауырлық күші:

$$V = 9,81 \cdot (152000 + 40000) = 1885482 \text{ Н}.$$

Еңіс жолдан туындаған кедергі:

$$W_{\text{жк}} = 1885482 \cdot 0,0025 = 47137 \text{ Н}.$$

Тіксызықты рельстік жолдағы кран қозғалысының кедергісі, Н

$$W_n = W_T + P_{\epsilon} + W_{\text{жк}} ,$$

мұндағы: W_T – дөңгелектер шетмойындағы сырғанау және рельс бойындағы дөңгелектердің домалау үйкелістерінің кедергілері, Н;

$W_{\text{жк}}$ – еңіс жолда туындаған кедергі, Н.

P_{ϵ} – кранға әсер етуші жел күші, Н.

$$W_n = 1224288 + 12600 + 47137 = 29556 \text{ Н}.$$

Теңгергіш арбашадағы қажетті жүріс дөңгелектерін есептеуді келесі формуладан анықтаймыз:

$$n \geq \frac{P_{\text{max}}}{[P]}$$

мұнда: P_{max} – тіректегі максималды жүктеме, кН;

Бір дөңелек үшін шақтамалы жүктеме $[P]=200-340\text{кН}$ шегінде қабылданады:

$$P_{\max} = \frac{9,81(m_{\text{кр}} + Q)K_{\text{он}}}{n_{\text{он}}},$$

мұнда:

Q – жүккөтерімділік, кг;

$K_{\text{он}} = 1.4 \dots 1.6$ – кран тірегіндегі жүктеменің біркелкі еместігін есепке алатын коэффициент.

$n_{\text{он}}$ – тіректер саны, $n_{\text{он}} = 4$.

$$P_{\max} = \frac{9,81(152000 + 40000) \cdot 1,4}{4} = 639232\text{Н}$$

$$n \geq \frac{639,23}{320} = 2.$$

Дөңелектің тайғанақтауын болдыртпау үшін, жетек дөңелектерінің рельспен ілінісу күші $F_{\text{сц}}$ дөңелектердің құрсауларының тарту күшінен U үлкен болуы керек.

$$F_{\text{сц}} = \mu_{\text{сц}} \cdot P_{\text{пр}} > U.$$

мұнда: $\mu_{\text{сц}} = 0,12 - 0,15$ жетек дөңелектерінің рельспен ілінісу коэффициенті;

$P_{\text{пр}}$ – жетек дөңелегіндегі жиынтық жүктеме, Н:

$$P_{\text{пр}} = \frac{9,81 \cdot (m_{\text{кр}} + Q) \cdot m_{\text{нк}}}{m_k}.$$

мұнда: $m_{\text{нк}}$ – жетек дөңелектерінің саны, $m_{\text{нк}} = 4$,

m_k – жүріс дөңелектерінің саны, $m_k = 8$,

Жетек дөңелегіндегі жиынтық жүктеме:

$$P_{\text{пр}} = \frac{9,81 \cdot (152000 + 40000) \cdot 4}{8} = 941760\text{Н},$$

$$F_{\text{сц}} = 0,13 \cdot 941760 = 1224288\text{Н}.$$

Жетек дөңелектеріндегі құрсаулардың тарту күші, Н.

$$U = W_m^{\text{нк}} + W_{\text{ук}} + P_u$$

мұнда: W_m^{HK} – жетек дөңгелектеріндегі үйкеліс кедергісі;
 P_u – массаның ілгерілемелі қозғалысының инерция күші

$$W_m^{HK} = W_m - P_{np} f_o^{\min}.$$

Жетек дөңгелектеріндегі (бос жүріс) үйкеліс кедергісі:

$$W_m^{HK} = 1224288 - 941760 \cdot 4,6 \cdot 10^{-3} = 7910,8 \text{ Н},$$

мұнда: $f_o^{\min}$ – жетек дөңгелектері бар арбашаның қиғаштануының қосымша қарсылығын ескермегендегі қозғалыстың кедергі коэффициенті

$$f_o^{\min} = \frac{f_o}{c}$$

мұнда: $c = 1,3 - 1,5$.

Кедергі коэффициенті:

$$f_o^{\min} = \frac{0,0065}{1,4} = 4,6 \cdot 10^{-3}.$$

Инерция күші, Н:

$$P_u = (m_{kp} + Q) \cdot \frac{v_{np}}{t_p}.$$

мұнда: v_{np} – қозғалыс жылдамдығы, м/с;

t_p – екпін уақыты: $t_p 3 - 5$ с

$$P_u = (152000 + 40000) \cdot \frac{1}{4} = 48000 \text{ Н}.$$

Жетек дөңгелектерінің құрсауларындағы тарту күші, Н

$$U = 7910,8 + 4713,7 + 48000 = 60624,5 \text{ Н}.$$

Қор коэффициенті:

$$n = \frac{F_{cy}}{U} \geq 1,1,$$

$$n = \frac{1224288}{60624,5} = 2,02,$$

$$n = 2,02 \geq 1,1.$$

Қозғалтқыштың қуатын анықтау:

$$N_{CT} = \frac{\sum N_{CT}}{Z},$$

мұнда: Z – қозғалтқыштар саны, жүккөтерімділігі 5 тоннадан жоғары крандар үшін $Z = 4$ тең

$$\sum N_{CT} = \frac{W_{II} \cdot v_{np}}{\eta},$$

$$\eta = 0,85 \div 0,95,$$

$$\sum N_{CT} = \frac{29556 \cdot 1}{0,94} = 31,4 \text{ кВт},$$

$$N_{CT} = \frac{31,4}{4} = 7,9 \text{ кВт}.$$

Жетек қозғалтқышының айналу жиілігі:

Қайтатиегіштің қозғалыс механизмі бәсеңдеткіштерсіз жоғарыайналымды гидромоторлармен орындалған

$$n = \frac{v_{np}}{\pi \cdot D_K},$$

$$n = \frac{1}{3,14 \cdot 0,71} = 0,45 \text{ айн/сек.}$$

Қозғалтқыш білігіндегі айналу моменті:

$$M_{кр} = \frac{N_{CT}}{\omega_K},$$

$$\omega_K = 2\pi n = 2 \cdot 3,14 \cdot 0,45 = 2,83 \text{ с}^{-1}.$$

Қозғалтқыш білігіндегі айналу моменті:

$$M_{кр} = \frac{7,9}{2,83} = 2,79 \text{ кНм}.$$

2.2 –кесте - Қайтатиегіштің қозғалыс механизмі жетегінің сипаттамалары

Параметр	Мәндері
Қозғалтқыш қуаты, кВт	7,9
Біліктегі момент, Нм	2790
Қозғалтқыш білігінің айналу жиілігі, айн/сек	0,45
Қозғалтқыш білігінің бұрыштық жылдамдығы, с^{-1}	2,83

2.3 Қайтатиегіш арбашасының қозғалыс механизмін есептеу

Бастапқы деректер:

Жүккөтерімділігі (Q) = 40 тонн.

Арбашаның қозғалыс жылдамдығы $v_{np} = 1,5$ м/с

Дөңгелектер шетмойындағы сырғанау және рельс бойындағы дөңгелектердің домалау үйкелістерінің кедергілері, H

$$W_T = 9,81 \cdot (m_{мел} + Q) \cdot f_o$$

мұнда: W_T –рельс бойындағы дөңгелектердің домалау үйкелісінің және дөңгелек шетмойындағы сырғанау үйкелісінің кедергілері, H .

$m_{мел}$ –кран арбашасының массасы, оны анықтамалық деректерден қабылдаймыз: $m_{мел} = 12600$ [2] 83 бет.

Q –кранның жүккөтерімділігіне сәйкес келетін жүк пен жүкқармағыш құрылғының массасы, кг;

9,81 –еркін түсу үдеуі, м/с²;

f_o – қозғалыстың кедергі коэффициенті:

$$f_o = \left(\mu \frac{d}{D_K} + \frac{2K}{D_K} \right) C,$$

мұнда: μ – дөңгелек шетмойындағы сырғанау үйкелісінің коэффициенті, $\mu = 0,1$ [3] 32 бет.

D_K және d –дөңгелек пен оның шетмойынының диаметрлері, мм.

Крандағы жүктемелерге байланысты: – $D_K = 200 - 400$ мм и $\frac{d}{D_K} = \frac{1}{4} \div \frac{1}{6}$;

Анықтамалық деректерден қабылдаймыз:

Дөңгелек диаметрі: $D_K = 400$ [5] 319 бет, V.2.47 кесте.

Диаметрі $D_K = 400$ мм және дөңгелеу ені $B = 100$ мм болатын крандық біркемерікті дөңгелек:

K1P – 400×100 МЕСТ 3569 – 74;

$$\frac{d}{400} = \frac{1}{4} \div \frac{1}{6}$$

$$\frac{d}{400} = \frac{1}{5}.$$

Шетмойын диаметрі: $d = 80$ мм.

C – қиғаштану кезіндегі дөңгелек кемерігі мен күпшегіндегі қосымша кедергілерді есепке алатын коэффициент;

Егер айналу мойынтірегіндегі дөңгелекте: $C = 1,3 - 1,5$ тең болса онда:

$$f_o = \left(0,01 \cdot \frac{80}{400} + \frac{2 \cdot 0,5}{400} \right) \cdot 2,3 = 0,01,$$

$$W_T = 9,81 \cdot (12600 + 40000) \cdot 0,01 = 4375,26 \text{ Н.}$$

Арбашаға әсер ететін желдің жүктемесі

$$P_e = qkc n A, \quad [6]$$

мұнда: q – желдің динамикалық қысымы; $q = 150$ Па [6] 35 бет.

k – биіктік бойынша динамикалық қысымның өзгеруін есепке алатын коэффициент, $k = 1$ [4] 55 бет, I.2.14 кесте.

c – аэродинамикалық күштің коэффициенті, $c = 1,2$ [4] 55 бет.

n – коэффициент перегрузки; $n = 1$ [4] 55 бет.

A – құрылым элементінің есептік алаңы; $A = 30 \text{ м}^2$ [4] 54 бет, I.2.10 кесте.

$$P_e = 150 \cdot 1 \cdot 1,2 \cdot 1 \cdot 30 = 3600 \text{ Н.}$$

Еңіс жолдан туындайтын кедергі (қосу таңбасы көтерілім кезінде, алу таңбасы – еңіс қозғалыс кезінде)

$$W_{\text{жк}} = \pm V \cdot \sin \alpha,$$

мұнда: V – көтеру күшін қоса алғандағы ауырлық күш, Н

$$V = 9,81 \cdot (m_{\text{кр}} + Q),$$

α – жолдың еңістігі, град; $\sin \alpha \approx 0,002$.

Көтеру күшін қоса алғандағы ауырлық күш:

$$V = 9,81 \cdot (12600 + 40000) = 516006 \text{ Н.}$$

Жолдың еңістігінен туындаған кедергі:

$$W_{\text{жк}} = 516006 \cdot 0,002 = 875,05 \text{ Н.}$$

Тіксызықты рельсті жолдағы арбашаның қозғалыс кедергісі, Н

$$W_n = W_T + P_e + W_{\text{жк}},$$

мұнда: W_T – рельс бойындағы дөңгелектердің домалау үйкелісінің және дөңгелек шетмойындағы сырғанау үйкелісінің кедергілері, Н;

$W_{\text{жк}}$ – жолдың еңістігінен туындаған кедергі, Н.

$$W_n = 4375,26 + 3600 + 875,05 = 8850,31 \text{ Н.}$$

Теңдестірілген арбашаның жүріс дөңгелектерінің қажетті санын есептеу

